

## Оңтүстік Кореяның өнеркәсіп орындарында тағлымдамадан өту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 20 қыркүйектегі N 448. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.12.30. N 373-ө өкімімен. ~R970373

1. Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің Қазақстан Республикасынан 500 (бес жүз) адамды Оңтүстік Кореяның өнеркәсіп орындарында тағлымдамадан өтуге тарту жөніндегі Корея Республикасы Үкіметінің 1996 жылға белгілеген квотасын орындауды нақты іске асыру туралы ұсынысы қабылданын.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігіне Корея Республикасында тағлымдамадан өтуге және жұмысқа орналастыруға кандидаттарды іріктеу мен жіберу жөніндегі жұмысты уәкілеттік берілген орган - Алматы қаласы әкімінің еңбек жөніндегі басқармасы жанындағы Жұмысшы мигранттар ісі жөніндегі орталық арқылы ұйымдастыру тапсырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

Корея Республикасына тағлымдамадан өтуге және жұмыс істеуге баратын Қазақстан Республикасының азаматтарына визалық қолдау көрсетсін;

Қазақстан Республикасының азаматтарының құқықтарын халықаралық келісімдерде белгіленген тәртіппен қорғауды қамтамасыз етуге жәрдемдессін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі мен оның уәкілеттік берілген органының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының Корея Республикасына шығуына қажетті құжаттарды 10 күн ішінде ресімдеуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің немесе оның уәкілеттік берілген органының жолдамасымен Корея Республикасына баратын Қазақстан Республикасының азаматтарын шұғыл және тегін медициналық куәландыруды жүзеге асырсын.

6. Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қорының басқармасы Алматы қаласы әкімінің еңбек жөніндегі басқармасы жанындағы Жұмысшы мигранттар ісі жөніндегі орталыққа Корея Республикасымен жасалған келісімді іске асыруға қаржылық көмек көрсету үшін қайтарымды негізде кредит бөлу мүмкіндігін қарастырсын.

7. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі осы әкімнің орындалуына

бақылау жасасын және оның барысы туралы Қазақстан Республикасының  
Үкіметіне тоқсан сайын хабарлап отырсын.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК